



010000, Астана қаласы, Д.Қонаев көшесі 33/1
Тел.: 8(7172) 50-18-55
e-mail: shl_66ast@mail.ru

010000, город Астана, улица Д.Кунаева 33/1
Тел.: 8(7172) 50-18-55
e-mail: shl_66ast@mail.ru

БҰЙРЫҚ

№ 214

27 «09» 2023 ж.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасын іске асыру қызметін ұйымдастыру туралы

«2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты, «Әділетті Қазақстан: сапалы білім, адал ұрпақ, табысты ұлт» педагог қызметкерлердің бірыңғай республикалық тамыз кеңесінің ұсыныстары (25 тамыз 2023 хаттамасы), «Жоғары оқу орындарынан басқа білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» бекіту туралы» ҚР ОАМ 2023 жылғы 19 қыркүйектегі № 294 бұйрығы, сондай-ақ Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 15 тамыздағы Ғылыми-әдістемелік Кеңесі отырысының №4 хаттамасы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2023-2024 оқу жылында мектепте ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасын (бұдан әрі – Бағдарлама) іске асыру бойынша қызмет ұйымдастырылсын.

2. Функционалды жауапкершілікті бөлумен қоса мектептің ішкі тәртібі бекітілсін:

- мектеп директоры (*Омарова Н.Т*) ата-аналарды педагогикалық қолдау жұмысына басшылық етіп, бақылауды жүзеге асырсын;

- директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары (*Нуртазина Б.К, Бейсекова Т.Б*): Бағдарламаны іске асыру жөніндегі қызметті ұйымдастырып, Бағдарламаны іске асыру жөніндегі қызметті регламенттейтін ішкі құжаттарды дайындасын, Бағдарлама аясында өткізілетін іс-шараларды жүзеге асырсын;

- директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары (*Дарибаева С.*): мектептің жауапты педагогтеріне кабинеттерді бекітуді, ата-аналармен сабақ өткізуге арналған жабдықтармен жаратқандыруды жүзеге асырсын, Бағдарламаны іске асыру және сабақ өткізу кезінде бөгде адамдарды мектепке жібермеу жөніндегі қызмет барысында мектеп оқушыларының санитарлық-гигиеналық жағдайлары мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша техникалық персоналдың, вахтерлердің, күзетшілердің жауапкершілігін арттыру үшін жауапты болсын;

- Бағдарламаны іске асыру үшін курстық даярлықтан өткен педагог қызметкерлердің және шығармашыл педагогтердің құрамы анықталып, жұмыс тобы келесі тізімде бекітілсін:

1) Бейсекова Т.Б – мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

- 2) Нуриманова А.К – мектеп психологы
- 3) Амираева Ж.Б – әлеуметтік педагог
- 4) Тогтох С. – сынып жетекші
- 5) Кабиева М.М – сынып жетекші

3. Ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасын іске асыру жөніндегі қызметті ұйымдастыру арқылы «Мектеп пен отбасының өзара іс-қимылы» жаңа бағытын құра отырып, мектептің тәрбие жұмысының жоспарына Бағдарламаны іске асыру қосылсын.

4. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары (Мухтарбекова Б.С) мектепшілік бақылау жоспарының тарауларына Бағдарламаны іске асыру жөніндегі қызметті бақылауды жүзеге асыру үшін іс-шараларды өткізу мерзімдерін айқындай отырып толықтырулар енгізісін.

5. Сынып жетекшілері ата-аналардың Бағдарламаға қатысуын қамтамасыз етсін, Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері туралы ата-аналармен түсіндіру жұмыстарын жүргізісін, ата-аналар жиналыстарында мектептің оң тәжірибесін таратсын.

6. Мектеп әкімшілігі Бағдарламаны іске асыру жөніндегі қызметті БАҚ-та, әлеуметтік желілерде және мектеп сайтында ілгерілетуді жүзеге асырсын, бірлескен табысты тәжірибені насихаттап, Бағдарламаны іске асыру жөніндегі қызметке белсенді қатысу үшін мектептің өзін-өзі басқаруын, мектептің Қамқоршылық кеңесін, әлеуметтік әріптестерді, демеушілерді тартсын.

7. Мектеп әкімшілігі мен жұмыс тобы тәжірибе алмасу және жұмыс тиімділігін арттыру үшін Бағдарлама қызметінің қорытынды іс-шарамен (ата-аналар форумы, ата-аналар конференциясы, ата-аналар оқулары және т.б., облыстық және республикалық ата-аналар форумына қатысу) аяқталуын қамтамасыз етсін.

10. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры



Н.Омарова

Таныстырылды:

Б. Жұрмағалиева
М. Бейсенбаева